| | | |
|---|---|---|
| | **ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ СПОРТ МИНИСТРЛІГІ Т.Қ.ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ** | П 017-2.26-2022 |
| | | №1 Баспа 10.02.2022ж. |
| | ЕРЕЖЕ<br>нормативтік құжат түрі | Бет 1-8 |

# 6B02185 «Кескіндеме»
# 6B02187 «Кітап графикасы»
# 6B02141 «Сән және костюм дизайны»
# 6B02193 «Сценография/Сахналық костюм»
# 6B02186 «Мүсін»
# 6B02188 «Сәндік өнер»
# білім беру бағдарламалары бойынша жоғары оқу орындарының студенттері үшін XV Республикалық студенттік пәндік олимпиадасын ұйымдастыру және өткізу туралы
# ЕРЕЖЕ

Алматы
2023 ж

**Бекітемін**
«Кескіндеме, мүсін және дизайн» факультетінің
Ғылыми кеңесінің төрағасы
Байдилда Б.Н. ____________

№7. «15» 2023 ж. Хаттамасы

## 1. Жалпы ережелер

1. Жоғары оқу орындары студенттерінің республикалық олимпиадасын ҚР Білім және ғылым министрлігі мен Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы 2021-2022 оқу жылында 6В02185 «Кескіндеме», 6В02187 «Кітап графикасы», 6В02141 «Сән және Костюм дизайны», 6В02193 «Сценография/Сахналық костюм», 6В02186 «Мүсін», 6В02188 «Сәндік өнер» білім беру бағдарламалары бойынша базалық ЖОО ретінде өткізеді.

2. Жоғары оқу орындарының студенттеріне арналған республикалық олимпиада (бұдан әрі – олимпиада) жеке тұлғаны және оның шығармашылық қабілеттерін дамыту және кәсіби ұтқырлықты қамтамасыз ету мүддесінде өнер саласындағы мамандарды даярлау сапасын арттыруға ықпал етуге арналған.

3. Олимпиада білім алушылардың шығармашылық қабілеттерін және жеке шығармашылық қызметке қызығушылығын анықтау және дамыту, шығармашылық қабілеттерін насихаттау мақсатында өткізіледі.

4 Осы ереже «Білім туралы» 2007 ҚР Заңына, жоғары білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына (бакалавриат) сәйкес әзірленді (05.05.2020 ж. № 182 өзгеріспен ҚР БҒМ 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығы)

5. Олимпиада «Кескіндеме», «Мүсін», «Сәндік өнер», «Сән және костюм дизайны», «Сценография/Сахналық костюм» мамандықтарының пәндері бойынша шығармашылық жұмыстар конкурсының нәтижесі негізінде жеңімпазды анықтайтын жарыс болып табылады. Олимпиада жеңімпаздарға құрмет көрсету рәсімімен аяқталады.

6. Олимпиадаға қатысушылар кәсіби білімдерін, іскерліктері мен дағдыларын, шығармашылық ойлау және жоғары кәсіби мәдениетін көрсетуі тиіс.

## 2. Олимпиаданың мақсаттары мен міндеттері

7. Олимпиада өнер бакалаврларын даярлау сапасын анықтау, шығармашылық жоғары оқу орындары студенттерінің шеберлігін жетілдіру, теориялық және практикалық оқыту процесінде алған білімді, іскерлікті және дағдыларды

көрсету, шығармашылық өсуді ынталандыру, шығармашылық мамандықтардың беделін арттыру, неғұрлым дарынды және талантты студенттерді анықтау мақсатында өткізіледі.

8. Олимпиаданың негізгі міндеті – болашақ маманның өзіндік шығармашылық жұмысқа кәсіби дайындығын жетілдіру және дамыту болып табылады.

## 3. Олимпиаданы ұйымдастыру және өткізу

9. «Кескіндеме», «Мүсін», «Сәндік өнер», «Сән және костюм дизайны», «Сценография/Сахналық костюм» мамандықтары бойынша Олимпиаданы Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясының «Кескіндеме, мүсін және дизайн» факультеті өткізеді.

10. Олимпиаданы дайындау және өткізу бойынша жұмысты ұйымдастыруды Т.Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясының ректораты бекіткен ұйымдастыру комитеті жүзеге асырады..

11. Олимпиада дәстүрлі форматта өтеді, 1 қосымшаны қараңыз.

## 4. Олимпиаданы өткізу шарттары мен мерзімі

12. Республикалық олимпиадаға қатысуға олимпиаданың ЖОО ішіндегі кезеңінің жеңімпаздары, 6В02185 «Кескіндеме» (Станоктық кескіндеме, «Монументалды кескіндеме»), 6В02187 «Графика» (Кітап графикасы), 6В02186 «Мүсін» мамандықтарының 2 курс және 6В02188 «Сәндік өнер» (Зергерлік іс, Көркем тоқыма, Ағашты көркемдеп өңдеу), 6В02141 «Сән және костюм дизайны» мамандықтарының 2-3 курс студенттері, «6В02141 Сценография (Сахналық костюм) мамандығының 3-ші курс студенттері жіберіледі.

13. Өтінім олимпиада басталғанға дейін 5 күннен кешіктірілмей беріледі, өтінім үлгісі **2-қосымшаны** қараңыз.

14. Мамандықтар бойынша Республикалық пәндік олимпиада 29-30 наурызда сағат 10:00-17:00ге дейін өткізіледі.

15. Олимпиада жанрлық композицияны құру конкурсын қамтиды

16. Ұсынылған жұмыстар мен модельдердің мазмұны мен күрделілігі мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына (бакалавриат) сәйкес келуі тиіс.

17. ЖОО-дан мамандық бойынша қатысушылар саны бір курстан 6 адамнан аспауы тиіс.

**18. Олимпиадаға қатысушылар:**

- таңдалған тақырыптың идеясын барынша ашу;
- шығармашылық және ерекше композициялық шешімін табу қажет.

**19. Мамандықтар бойынша орындау материалдары:**

**«Кескіндеме»** - кенеп Б. 50х60, майлы бояулар, қылқаламдар, акварель, акрил, гуашь, қағаз (ватман)

**«Кітап графикасы»** - гуашь, акварель, акрил, қарындаштар, резеңке жолақ, № 3,5,8,10,14 қылқаламдар және т. б.

**«Мүсін»** - бір түсті пластилин, қаңқаға арналған сым, «Мүсін» мамандығына арналған плинт.

**«Сәндік өнер»** - гуашь, акварель, акрил, қарындаштар, резеңке, № 3,5,8,10,14 қылқаламдар және т. б.

**«Сән және костюм дизайны»** - қатысушылар екі тапсырманы орындауы керек:

1) Модельдің бейнелі-ассоциативті эскизін орындау.

Қолданылатын материалдар: гуашь, акварель, маркерлер, қарындаштар және т.б., А3 форматтағы қағаз, тығыздығы 200-250 мг.

2) Эскизді материалға аудару. Модель манекенде ұсынылуы керек және ерікті материалдардан жасалуы керек, олардың материалдық құндылығы маңызды емес. Мысалы, модель қағаздан, картоннан, кенеп матасынан, қалайы банкаларынан, компакт дискілерден және т.б. жасалуы мүмкін, яғни студенттің қиялы мен оны жасау тұжырымдамасының мүмкіндігін көрсету.

**«Сценография/Сахналық костюм»** - қатысушылар екі тапсырманы орындауы керек:

1. *Бейнелі-ассоциативті композицияның костюмдік қалыбының эскизін салу*

Қолданылатын материалдар: қағаз (форматы - А3; тығыздығы 200-250 мг), гуашь, акварель, маркерлер, карандаштар және т.б. көркемдік материалдар

2. *Композицияны материалда орындау:*

Композиция манекенде ұсынылуы қажет және дәстүрлі емес материалдардан (яғни әдетте киім тігуге қолданылмайтын материалдардан) жасалуы талап етіледі. Мысалы, түрлі қағаздар, картон, баулар, картондар, салфеткалар, целлофан, фольга, қалайы банка, компакт-дискт, сым және т.б.

**20. Бағалау критерийлері.** Әрбір студенттің жұмысын қазылар алқасының мүшелері төмендегі критерийлерге сәйкес бағалайды:

1) Бейнені сауатты орындау. Графикалық кескіннің (эскиздік) композициялық және түстік шешімінің сауаттылығы

2) Эскизді салуда және композицияны материалда орындауда шығармашылық креативті көзқарас болуы.

3) Қолданылған материалдардың фактурасын эскизде көрсете білу, олардың басты сипатын имитация жасай білу.

4) Орындалған жұмыс тапсырмаға сай болуы.

5) Қазіргі заманғы өнер мен дизайндағы әлемдік үрдістерге сәйкестік.

6) Берілген тақырып бойынша студенттің шығармашылық тұжырымдамасының тереңдігі және оны шағын мәтіндік дизайнда сауатты

ұсыну, бейнелік шешімінің пластикалық нұсқасында концепциясын көрсете білуі
7) Материалда орындалған композицияға қолданылған материалдардың техникалық қасиеттерінің көркемдік идеямен сәйкестігі.

**21. Тапсырма тақырыптары: олимпиаданың бірінші күні - 2023 жылдың 29 наурызында жарияланады.**

## 5. Ұйымдастырушылардың құқықтары мен міндеттері

**Ұйымдастырушыдар құқылы**

1) Олимпиадаға қатысу үшін өтінімдерді қабылдау, шарттар мен талаптарға сәйкес келмейтін талаптарды қабылдамау;
2) барлық қатысушылардан 1-қосымшада көрсетілген олимпиаданы өткізу жоспарын орындауды талап етуге.

**Ұйымдастырушылар міндетті**

1) Жұмыстарды бағалау және даулы мәселелерді шешу кезінде бірыңғай талаптарды қамтамасыз ету;
2) Олимпиаданы өткізу қорытындысы бойынша хаттаманы кафедрада сақтау үшін дайындау
3) Олимпиадаға қатысушылардың өзін-өзі дамытуына, өз ойын білдіруіне жағдай жасау, шығармашылық қабілеттерін дамытуды ынталандыру;
4) Олимпиаданы өткізуді ақпараттық қолдауды ұйымдастыру;
5) Олимпиада қатысушыларына дипломдар мен сертификаттарды ресімдеу және тапсыру;
6) Қатысушылардың жеке мүмкіндіктерін есепке алатын барлық қажетті құжаттарды ресімдеу.

## 6. Қатысушылардың құқықтары мен міндеттері

**Қатысушылар құқылы**

1) Өз жұмыстарының тәуелсіз және объективті бағасын алуға;
2) Олимпиада қорытындысы туралы сенімді ақпарат алуға;
3) Конкурсқа қатысу үшін жұмыс орнын алуға құқылы;
4) Қабылдау ережелеріне сәйкес өтінім беруге (2-қосымша)

**Қатысушылар міндетті**

1) Өтінім беру кезінде ұйымға кері байланыс беруге
2) Конкурстық жұмыстарды талқылау кезінде комиссияның сұрау салуы бойынша қосымша ақпарат беруге міндетті

## 7. Қорытынды шығару, қатысушыларды марапаттау

22. Мамандықтар бойынша Республикалық олимпиаданың қорытындыларын құрамында Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы бекіткен комиссия төрағасы мен мүшелері бар қазылар алқасы өткізеді.
23. Қазылар алқасы дауыс беру арқылы үздік жұмыстарды негізді түрде таңдайды
24. Олимпиада жеңімпаздарына 1,2 және 3 орын беріледі.
25 Мамандықтар бойынша студенттердің республикалық олимпиадасының қорытындылары хаттамамен ресімделеді. Олимпиаданың хаттамаларын ұйымдастыру комитетінің төрағасы бекітеді және ҚР Білім және ғылым министрлігіне жолдайды.

**Әзірленді:**

«Кескіндеме, мүсін және дизайн» факультетінің деканы — Байдилда Б.Н.

**Келісілді:**

Ғылыми жұмыс жөніндегі проректор — Халыков К.З.

Ғылыми-редакциялық бөлімнің басшысы — Рамаданова Ж.Д.

**1 қосымша**

Республикалық студенттік пәндік Олимпиада дәстүрлі түрде 2023 жылдың 29-30 наурызында Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясында өтеді.

Мекен-жайы:

1. «Кескіндеме», «Мүсін», «Графика», «Сән және костюм дизайны», «Сценография/Сахналық костюм» мамандықтары – Панфилов көшесі 127 мекен-жайы бойынша орналасқан **бас ғимаратта.**
2. «Сәндік өнер» мамандықтары Әбіш Кекілбайұлы 133 мекен-жайы бойынша орналасқан **екінші ғимаратта.**

**29 наурыз**

1. Сағат 09:30-дан 10:00-ге дейін қатысуға өтініш берген қатысушыларды тіркеу жүргізіледі.
2. 10:00-ден 10:30-ға дейін олимпиаданың тақырыптық тапсырмаларын енгізу және жариялау.
3. Сағат 10:30-дан 16:00-ге дейін қатысушылар таңдалған тақырып бойынша жұмыс жасайды
4. Сағат 16:00-ге дейін жұмыстарды ұсыну қажет
5. 17:00 комиссия жұмысы

**30 наурыз**

1. 11:00 нәтижелерді жариялау, марапаттау

**2 қосымша**

| Жоғары оқу орындарының студенттері үшін ____ «_______»мамандық бойынша XV республикалық олимпиадаға қатысуға ӨТІНІМ | |
|---|---|
| ЖОО атауы | |
| Олимпиада қатысушысы | |
| Олимпиадаға қатысу үшін жұмыс тілі (қазақ, орыс) | |
| Ғылыми жетекші | |

**Өтінімді төменде мамандықтар бойынша көрсетілген электрондық поштаға жіберуіңізді сұраймыз**

| Эл. пошта мекен-жайы | Мамандығы |
|---|---|
| serik.zin@gmail.com<br><br>сот. 87022718247 | 6В02185 «Станоктық кескіндеме» |
| | 6В02185 «Монументалды кескіндеме» |
| | 6В02187 «Кітап графикасы» |
| | 6В02186 «Мүсін» |
| bek.k.2018@mail.ru<br>сот. +7 (707) 281-71-57 | 6В02141 «Сән және костюм дизайны» |
| maira_naimantayeva@mail.ru<br>сот.тел: +7(701)204-22-67 | 6В02193 «Сценография/Сахналық костюм» |
| ktulakbaeva@mail.ru<br><br>ұялы тел. 87783357597<br>ұялы тел. 87071174799 | 6В02188 «Көркем тоқыма» |
| | 6В02188 «Зергерлік іс» |
| | 6В02188 «Ағашты көркемдеп өңдеу» |